www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube facebook Telegram

№06 /sársenbı/ 09 aqpan




## ТҮРКІСТАННЫҢ ӨНІМІ - МӘСКЕУ КӨРМЕСІНДЕ

Мәскеуде азық-түлік, сусындар мен оларды өндіруге арналған шикізат өнімдерінің «ПРОДЭКСПО-2022» XXIII халықаралық көрмесі басталды. Бұл көрме азық-түлік тақырыбындағы әлемдік ірі байқаулардың ондығына кіреді. Дәстүрлі түрде онда әлемнің түкпір-түкпірінен азық-түлік тауарларын өндіретін компаниялар таныстырылады. Базалық өнімдер мен сусындардан бастап таңдаулы деликатестерге дейін, сондай-ақ салауатты өмір салтына арналған органикалық, спорттық тағамдар, халал және экзотикалық өнімдер ұсынылады.

Қазақстан Республикасының тауарөндірушілері қатарында Түркістан облысы атынан «Dala-Fruit.KZ ЖШС» компаниясы да өз өнімдерін алып барды. Бұл компания сапалы әрі тікелей сығылған табиғи шырындар шығарады.

Көрме күндері (7-11 ақпан) қазақстандық компаниялардың ресейлік сауда желілерімен, дистрибьюторлармен және көтерме-сатып алу компанияларымен B2B кездесулері өткізіледі.

Түркістан облысы мен Ресей арасындағы тауар айналымы 2021 жылғы қаңтар-қарашада 467,7 млн АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 8,5% - ға жоғары (431,2 млн. АҚШ). 11 айда Түркістан облысынан Ресейге жолданған экспорт көлемі 2021 жылы 359,8 млн. АҚШ долларын құрады. Түркістан облысынан Ресейге негізінен тамақ өнімдері, уран және оның қосылыстары, спирт тұнбалары, трансформаторлар, құркетауық еті мен бақша өнімдері экспортталады.

**«Айғақ» - ақпарат.**

## ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ: «ТҰРҒЫНДАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ КЕРЕК»

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев бір топ тұрғынды онлайн режимде қабылдап, өтініштері мен арыз-шағымдарын тыңдады. Тұрғындар инфрақұрылым, тұрғын үй, экология, білім және өзге де салалардағы мәселелерді қозғады.

Мәселен бәйдібектік Анарбай Талапбекұлы ауданда саябақ пен спорт кешенін салу мәселесін көтерді. Өңір басшысы бұл ұсыныстарды зерделеп, бюджеттің жағдайына қарай тиісті шешім қабылдау жөнінде тапсырма берді. Аудан әкімдігінің хабарлауынша, аталған нысандардың жобалық-сметалық құжаттары анықталған.

Кентау қаласының тұрғыны Вячеслав Акалаев Кентаудағы Д.Қонаев көшесіндегі тұрғын үйдің күрделі жөндеу жұмыстарына көңілі толмайтынын, құрылыс тым ұзаққа созылғанын айтып, шағымын білдірді. Облыс әкімі бұл бағыттағы жұмыстар бойынша Кентау қаласы әкімінің уәжін тыңдады. Оның айтуынша, 1960 жылы салынған үй толық жөнделіп, қабылданған. Тұрғындардың өтініші бойынша мердігер тарапынан қосымша жұмыстар да атқарылған. Өмірзақ Шөкеев тиісті басшылар мен қала әкіміне үйді тағы бір зерделеп, кемшіліктері болса, реттеуді тапсырды. Сонымен бірге жалпы тапсырыға берілген нысандардың сапасын қатаң қадағалап, елге қолайлы жағдай жасау қажеттігін ескертті.

— Сіздер көтерген мәселелердің бірқатары маған таныс. Мысалы, Созақ ауданы бойынша біріншіден, жолға қатысты өтінішке айтарым, Кентау-Шолаққорған жолының құрылысы биыл аяқталады. Тиісті басқарма басшысына көз алдарыңызда тапсырма беріп отырмын. Оның сапасы да бақылауда болады. Біз бизнесті де қолдауымыз керек. Жаңа зауыттар ашылса, жаңа жұмыс орындары құрылады. Тұрғынның әрбір өтініші назардан тыс қалмайды. Нысандар мен үйлердің құрылысына, ең бастысы сапасына мән беріп, инфрақұрылымын жақсартып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау керек, — деді Ө.Шөкеев.

Қабылдау барысында Түлкібас, Созақ, Ордабасы аудандары мен Кентау, Түркістан қалалары тұрғындарынан өтініштер қабылданып, заң аясында түсініктемелер мен кеңестер берілді. Сонымен бірге бірқатар мәселе бойынша тиісті басшылар мен аудан, қала әкімдеріне тапсырмалар беріліп, түйткілдер бақылауға алынды.

Өңір басшысы Өмірзақ Шөкеевтің тапсырмасымен барлық қала, аудан әкімдіктері мен басқармаларда және партия филиалдарында қоғамдық қабылдаулар тұрақты өтуде. Жалпы 2021 жылы Түркістан облысының атқарушы органдарына 50 мыңнан астам өтініш пен арыз-шағым, ұсыныс түсіп, 2020 жылға қарағанда азайған. Өтініштердің басым бөлігі шешімін тауып, тиісті кеңестер берілген.

**Жомарт БЕГІМБЕТ.**

## ТОННЕЛЬ ҚҰРЫЛЫСЫ КӨКТЕМДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Шымкенттегі Қонаев пен Рысқұлов көшелерінің қиылысындағы жолайрық маңы жаяу жүргіншілер үшін бүгінде қауіпті болып тұр. Дегенмен, бұл түйткілдің түйіні жуық арада өз шешімін табады. Себебі, жаяу жүргіншілер өтетін тоннель құрылысы жуырда өз мәресіне жетеді. Яғни, наурыз айында ел игілігіне беріледі.

Өткен аптада қала басшысы Мұрат Әйтенов аталған құрылыс жұмыстарының барысын бақылап көрді. Қонаев даңғылын тоннель арқылы және Рысқұлов көшесі бойынша толықтай көліктердің қозғалысы ұйымдастырылған. Жалпы жолайрықтың көлік өткізгіштігі тәулігіне 142 мың автокөлікті құрайды.



Мұнан соң, Мұрат Әйтенов Д.Қонаев даңғылы жалғасының құрылысын аралап, мердігерлермен кездесті. Қонаев даңғылы жалғасының екінші кезеңі бойынша мемлекет мұқтажы үшін алынған 18 үйді сүру жұмыстары аяқталды. Сонымен бірге Әйтеке би көшесімен ұзындығы 600 м жол асты өткелін салу бойынша инженерлік желілердің орындары ауыстырылып, Қонаев даңғылымен Тәуелсіздік көшесі қиылысындағы тоннель өткелі бойынша свай қағу жұмыстары атқарылуда. Нысан келесі жылға өтпелі болып жоспарлануда.

Ал, Терешкова көшесінен Бөгет көшесіне дейінгі аралықта салынып жатқан Қонаев даңғылы құрылысының 3 кезеңі бойынша орташа жөндеу жұмыстары 2020-2022жж аралығына жоспарланған. Кезеңнің жалпы ұзындығы 6 жолақты 0,561 шақырымды құрайды. Ал жолдың ені 42 метр.

Қазіргі уақытта оң жақ тіреу қабырғаларының жұмысын жалғастыру үшін темір жолдан Бөгет көшесіне дейінгі нысандарды мемлекет мұқтажына қайтару қажет.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

## eGov.kz ПОРТАЛЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРЕГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ПАЙДА БОЛДЫ

Жарлық капиталдың үлесін сенімгерлік басқаруға беру қызметі енді eGov.kz порталында қолжетімді. Кәсіпкерліктегі жарғылық капитал үлесінің иелері egov.kz электронды үкімет порталында өз үлесін сенімгерлік басқаруға беру мүмкіндігіне ие болды.

Жаңа «Жарғылық капитал үлесін сенімгерлік басқаруға беру» қызметін egov.kz порталында онлайн алу Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ақпараттық жүйелерін біріктіру арқасында жүзеге асырылды.

Аталмыш қызмет заңды және жеке тұлғаларға қолжетімді және тегін көрсетіледі. Жаңа қызметтің көмегімен құрылтайшының (жеке тұлғаның) жарғылық капиталдағы үлестерін сенімгерлік басқаруға беру, үлесті басқаруға беру мерзімін өзгерту және сенімгерлік басқаруға беруді қайтарып алу мүмкіндігі бар.

Жаңа «Жарғылық капитал үлесін сенімгерлік басқаруға беру» қызметін пайдалану үшін «электрондық үкімет» Порталына өту қажет.

Содан соң пайдаланушы:

- **порталда авторизациядан өтеді;**
- **қызметке онлайн тапсырыс беруді бастайды;**
- **ішкі қызметті таңдайды;**
- **міндетті жолдарды толтырады;**
- **автоматты тексерулерден өтеді;**
- **құжаттарды тіркейді (таңдаған ішкі қызметке сәйкес);**
- **өтінімге электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды;**
- **өтінімді мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесіне жібереді.**

Қызмет көрсету мерзімі тіркеушінің қатысуымен eGov.kz порталында өтініш берілген күннен кейінгі үш жұмыс күннен аспайды.

«Жаңа қызметтің ыңғайлылығы — үйден шықпай-ақ заңды тұлғаның үлесін онлайн басқаруға беруге болатыны. Біз мемлекеттік органмен бірлесіп қызмет алу уақытын қысқарту аясында жұмыс істеп жатырмыз. ҚР ЦДИА М бірлескен жұмыстың арқасында цифрлық трансформация азаматтар үшін де, кәсіп үшін де көптеген бизнес-процестерді жеңілдетеді және жақсартады»,- деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин.

Қызмет көрсету нәтижесі қызмет көрсету туралы хабарлама немесе дәлелді бас тарту болып табылады.

Айта кетken жөн, мемлекеттік қызметтер тізімінде 700-ге жуық қызмет пен сервис қолжетімді, оның ішінде 2021 жылы egov.kz электрондық үкімет порталында 92 %-ы автоматтандырылды. Egov.kz порталының көмегімен азаматтарға шамамен 50 миллион қызмет көрсетілді, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 6 миллионға көп. Сондай-ақ, авто және ЖК қайта тіркеу, бала туу бойынша жәрдемақыға өтініш беру және т.б. мемлекеттік қызметтер екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларына енгізілді.

**Елорда.**

## Тагайындау



### Қайрат ДӘЛБЕКОВ -

*Шымкент қаласы Полиция Департаментінің бастыгы*

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша ҚР ішкі істер министрі Ерлан Тұргымбаевтың бұйрыгымен Шымкент қаласы Полиция департаментінің бастыгы лауазымына Қайрат Дәлбеков тагайындалды.

Қайрат Сұлтанбайұлы Дәлбеков 1963 жылы 1 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. 1982-1984 жылдары Кеңес Армиясы қатарында ракеталық бөлімде әскери борышын өтеген. 1985 жылы Қараганды қаласындагы Ішкі Істер Министрлігінің жогары мектебін бітіріп, 1989 жылы Шымкент облыстық атқару комитетінің ИЧ-167/1 мекемесінде шұгыл бөлімнің жедел уәкілі болган. 1994 жылы Мемлекеттік Тергеу комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасының 3-бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі ага жедел уәкілі қызметін атқарган. Сондай-ақ, ол Мақтаарал ауданы ІІБ бастыгының бірінші орынбасары, Кентау қалалық ІІБ бастыгы, 2009 жылы қаңтар — мамыр айларында ОҚО ІІД бастыгының орынбасары, 2011-2013 жылдары ОҚО ІІД бастыгының бірінші орынбасары, 2013 жылдан бері Маңгыстау облысы ішкі істер департаменті бастыгының қызметін атқарып келді. 2017 — 2018 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық Ішкі істер департаментінің бастыгы лауазымында болган. Жаңа қызметке дейін 2018 жылдың шілдесінен бастап Түркістан облысының ІІД бастыгы болган.

Полиция генерал-майоры.

### Мұрат ҚАБДЕНОВ -

*Түркістан облысы Полиция Департаментінің бастыгы*



Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша ҚР ішкі істер министрі Ерлан Тұргымбаевтың бұйрыгымен Түркістан облысы Полиция департаментінің бастыгы лауазымына Мұрат Қабденов тагайындалды.

Мұрат Талапұлы Қабденов 1969 жылы 24 қыркүйекте Шымкент қаласында дүниеге келген. 1992 жылы Шымкент педагогикалық институтын тәмамдаган. 1996 жылы ҚР ІІМ-нің Қараганды жогары мектебін бітірген. Қаржы полициясының полковнигі.

Органдагы қызметін 1992 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының ІІБ ҚІБ криминалды полиция бөлімінің жедел уәкіл қызметінен бастады. Ол сондай-ақ Ақмола және Шыгыс Қазақстан облыстарында ІІД басшысының бірінші орынбасары, ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрагасының орынбасары болган. ҚР ІІМ Көші-қон полиция комитеті төрагасының орынбасары болып қызмет жасаган. 2012-2014 жылдары Павлодар облысы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (Қаржы полициясы) департаментінің бастыгы болды.

Мұрат Талапұлы бұган дейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон қызметі комитетінің төрагасы лауазымын атқарып келді.

## ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

*Егер сізде жұмыс жасайтын мекемеңізге не жұмыс беруші бойынша*

- Өндірістердегі еңбек қауіпсіздігі
- Өндірістерде болган жазатайым оқигалар
- Жұмыс орындарының қысқаруы
- Кәсіпорындардагы мүмкін еңбек ақы қарыздары
- Жұмыс берушілердің жұмыскерлерді еңбек шартынсыз жұмысқа тартуы
- 16 жасқа толмаган балаларды заңсыз жұмысқа тарту

және тагы басқа да мәселелер бойынша хабарламаларыңыз/шагымдар мен арыздарыңыз болса, Шымкент қаласы әкімдігінің БІРЫ-ҒАЙ байланыс @ikomek109.shymkent орталыгының 5 байланыс тәсілдері арқылы хабарлай аласыздар.

Арыздар РЕСМИ және ИЕСІ БҮРКЕМЕЛЕНГЕН (анонимно) түрде де хабарламаларды қабылдап, заңга сәйкес шаралар қолданылады.

@ikomek109.shymkent орталыгының операторлары тұргындардан өтінімдерді 24/7 мына баиланыс арналары арқылы қабылданды:

1. Қалалық және мобильді телефондардан 109 бірыңгаи нөміріне тегін қоңырау шалу;
2. What's App +7 7777 109 109 нөміріне хабарлама жазу;
3. Instagram @ikomek109.shymkent парақшасына жекеге жазу;
4. Facebook IKomek Shymkent парақшасына жекеге жазу;
5. @shymkentonlinekz_bot Telegram-bot арқылы.

## СТУДЕНТТЕР ӨСІМДІК МАЙЫНАН БИООТЫН ЖАСАП ШЫҒАРДЫ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттері өсімдік майынан биоотын жасап шыгарды. Жас галымдар Назерке Халел мен Муниса Сайдиганиеваның жобасы халықаралық конференцияда жүлделі орын алды. Жоба жетекшісі — ҚазҰПУ докторанты Гүлсара Ақанова. Ол экологиялық таза биоотын өндірудің бірегей технологиясын жасаумен бірнеше жыл бойы айналысып келеді, деп хабарлайды ҚР Білім және гылым министрінің баспасөз қызметі.

«Қазір көптеген елдер биоотынга көшіп жатыр. Шетелде негізінен қант қамысы, жүгері сияқты әртүрлі өсімдіктерден өндіреді. Біз биоотын алу бойынша өз технологиямызды ойлап таптық және жасадық. Жылдам тамақтану мейрамханаларында өсімдік майы көп мөлшерде пайдаланылады және тамақ пісіргеннен кейін ол жарамсыз болып қалады. Біз оны қайта өңдеуді ұсынамыз. Ол үшін өсімдік майын ұсақ қоспалардан тазартамыз, содан кейін сілтілі катализаторды және этил спиртін қосамыз. Осылайша биоотын аламыз», — дейді басшы Гүлсара Ақанова.

Жас галымдардың жобасы бірқатар экологиялық және экономикалық мәселелерді шешеді. Биоотын экологиялық таза және тиімді, сонымен қатар арзан, қауіпсіз және тасымалдауга ыңгайлы.



Пайдаланылган өсімдік майынан биоотын алу технологиясы жас галымдар мен студенттердің «Фараби әлемі» халықаралық конференциясында үздіктердің бірі деп танылды. Әзірге бұл — Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті студенттерінің алгашқы гылыми жетістігі. Алдагы уақытта Назерке Халел мен Муниса Сайдиганиева жобаларын жетілдіріп, стартап жобаларга қатысуды жоспарлап отыр.

**Елорда.**

## ҚАЙ МАМАНДЫҚҚА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ?



«Еңбек ресурстарын дамыту орталыгы» АҚ (бұдан әрі — ЕРДО) Болжамдау департаментінің деректері бойынша Қазақстанда агымдагы жылы жалдамалы жұмыскерлердің саны 6,8-6,9 млн адамды құрайды. Жалдамалы жұмыскерлерге сұраныс 188,6 мың адамды құрайды, оның жартысы жұмыстан шыгатын жалдамалы жұмыскерлерді алмастыру сұранысына сай келеді. Сонымен қатар, күзетшілер, бухгалтерлер, сатушылар мен жүргізушілер еңбек нарыгында ең танымал болып және жаппай сұраныста қала береді, деп хабарлайды ҚР Еңбек және әлеуметтік қоргау министрлігінің баспасөз қызметі.

« өңірлер бойынша негұрлым елеулі жиынтық сұраныс, жұмыстан шыгатын жалдамалы жұмыскерлерді алмастыру бойынша сұранысты қоса алганда, Алматы қаласында, сондай-ақ Алматы және Жамбыл облыстарында орын алатын болады. Ал салалар бойынша білім беру, ауыл шаруашылыгы және сауда багыттарының қызметкерлері көбірек талап етіледі», — деді ЕРДО Болжамдау департаментінің директоры Дмитрий Шумеков.

Сарапшылардың айтуынша, әйелдердің зейнеткерлік жасын арттыруды ескере отырып, жалпы еңбекке қабілетті жастагы халық саны агымдагы жылы 11,4 млн адамга жетеді (2021 жылгы деңгеймен салыстырганда 98 мыңга өседі).

«Агымдагы жылы жұмыс күшінің саны 9,2-9,3 млн адамды құрайды, ягни жалпы өткен жылдың деңгейінде сақталады. Алайда, біздің болжамымыз бойынша, еліміздің үш ірі қаласында экономикалық белсенді халықтың жиынтық саны осы қалалардагы жастар үлесінің артуы салдарынан және көші-қон себептері бойынша 54 мың адамга өседі», — деп бөлісті Дмитрий Шумеков.

Сондай-ақ, болжамдарга сәйкес, жұмыссыздар саны 461-465 мың адам деңгейінде болады, ал жұмыссыздық деңгейі 5% - дан аспайды.

Білім беру жүйесі тарапынан орта мектепті шамамен 261 мың адам бітіреді немесе тастап кетуі мүмкін деп күтілуде, оның ішінде 109 мың адам — тогызыншы сыныптан кейін, ал 152 мың адам — 11 (12) сыныптан кейін шыгып кетуі ықтимал. Колледждерге осы саннан 131 мыңга жуық адам, жогары оқу орындарына 103 мың адам барады. Қалган бұрынгы оқушылар қатарынан азаматтар Қазақстаннан тыс жерлерге шыгады (~10 мың адам) немесе еңбек нарыгына шыгады (~17 мың адам).

Агымдагы жылы ТжКБ-ны шамамен 145 мың адам табысты аяқтайды деп күтілуде, оның ішінде 90 мыңы — негізгі орта білім базасында және 49 мыңы —жалпы орта білім базасында, оның ішінде шамамен 16,4 мың адам жогары білім беру ұйымдарында оқуын жалгастырады. Бұдан басқа, жогары оқу орындарынан жогары білімі бар 163,5 мың адам және жогары оқу орнынан кейінгі білімі бар 20 мыңга жуық адам шыгарылатын болады.

Жалпы алганда, білім беру деңгейлері арасындагы күрделі ауысуларды ескере отырып, еңбек нарыгына шамамен 295 мың жұмыскер шыгады деп күтілуде. Базалық сценарий кезінде жалдамалы жұмысшыларга қажеттілік, бұрын айтылгандай, 188,6 мың адамды құрайды. Тиісінше, қалган 106 мың адам жеке немесе объективті себептер бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтуга, оның ішінде жеке кәсіпкерлер мәртебесіне көшуі мүмкін.

**«Айгақ»-ақпарат.**

## ТҮРКІСТАН ҚҰСБЕГІЛЕРІ 2 АЛТЫН, 1 КҮМІС МЕДАЛЬ ОЛЖАЛАДЫ

Агымдагы жылдың ақпан айының 2-7 күндері аралыгында Павлодар қаласында құсбегі жастар арасындагы Қазақстан чемпионаты өтті. Ата-баба жолын жалгаган өрендердің додасына еліміздің ең таңдаулы құсбегілері қатысты.

Сайыста Түркістан облысының ұлттық спорт түрлері мектебінің түлектері 2 алтын, 1 күміс медальді жеңіп алды. Атап айтсақ, қаршыгалар сынында Паң Төлемырза чемпион атанды. Қаршыгасы қалықтаган тагы бір жерлесіміз Аршабай Дидарбек 2-орынды иеленді. Ал ителгілер байқауында құсын дұрыс баптай білген Паң Төлемырза жеңіске жетті. Сөйтіп, Түркістан облысының қоржынына екінші алтын жүлдені салды. Облыстың жас құсбегілерін білікті бапкер Жомарт Кеуенов бастап барды.

**Павлодар.**

# ЖЫЛЫЖАЙ ЖЫЛЫНА 3 МИЛЛИОН ДАНА КӨШЕТ ӨНДІРЕДІ

Түркістан облысы, Мақтаарал ауданында "Сартаев" шаруа қожалығына тиесілі жылыжай жылына 3 миллион көшет өсіреді. Шаруа қожалығының басшысы Сәбит Сартаевтың жылыжай шаруасымен айналысып жатқанына 12 жыл болған. Алғашында 10 сотық жерден жылыжай ашқан ол сұраныстың артуына байланысты көлемін жыл сайын ұлғайтып, қазіргі таңда көлемін 1 гектарға жеткізген. Табысты кәсібі арқылы 60-қа жуық адамды жұмыспен қамтыған шаруа қожалық иесі еңбек етіп, табыс табам деген адамға жұмыс өте көп деп есептейді.

— Алдағы уақытта жылыжай көлемін тағы да ұлғайтамыз деген жоспарымыз бар. Қосымша еңбек күшін қажет ететін бұл салада маусымына қарай қырыққабат, қауын, қарбыз көшеттерін дайындап, тапсырысқа сай өндіреміз. Жалпы адамда жұмыс істеуге ниеті және жетістікке жетуге деген талап-тілегі болса, екі қолға бір күрек міндетті түрде табылады. Әсіресе қазіргі нарықтық заманда ер азаматтарымыз жауапкершілікті мойнына алып, отбасын асырау үшін тынбай жұмыс істеуі керек деп ойлаймын. Еңбектің жаманы жоқ, еңбек еткен адамға құдай несібесін береді, — дейді С.Сартаев.



Жылыжайдың бас агрономы Сейітбек Жұманов қырыққабат өсіру жұмыстары жыл сайын желтоқсан айында басталады екен. Оның айтуынша қырыққабаттың сортына қарай диқандар тұқымдарын өздері жеткізіп, оны өндіріп беруге тапсырыс береді екен. Егілген тұқым өніп шыққанша қыруар жұмыстар атқарылады. Алайда көшеттің бағасы да еткен еңбекті ақтайды екен.

Айта кетейік, Мақтаарал ауданында жалпы жылыжайлардың көлемі 53 гектарға жеткен. Көшет өндіруден бөлек, шаруалар қызанақ, қияр, лимон және өзге де түрлі көкөніс пен дақылдарды өсіріп, қысқы ауа-райында жақсы табыс табады.



# СОЗАҚТА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ӨЗ ШЕШІМІН ТАПТЫ

Түркістан облысы, Созақ ауданының әкімі Мұхит Тұрысбеков ауыл, кент тұрғындарымен кездесіп, ондағы әлеуметтік нысандарды аралап, туындаған мәселелерді шешті. Қаратау, Қарақұр ауыл округтері мен Таукент кентінде болып, бірқатар нысандарды аралап, тұрғындармен жүздесті.

Таукент кенті Жыныс ата мөлтекауданында тұрғындары электр желісі үзіліп, жарықтың жиі өшетінін тілге тиек етті. Аудан әкімі «Оңтүстік Жарық» ЖШС Созақ ауданы бөліміне жұмысты зерделеп, электр желісінің тартылуын қадағалап, трансформаторды ауыстыруды тапсырды. Қазіргі таңда тұрғындар көтерілген мәселе бойынша жұмыстар жүргізілуде, екі күннің шеңберінде электр желісіне байланысты туындаған мәселе шешіледі.

Сонымен бірге тұрғындар түнгі уақытта жүргіншілер мен оқушыларға қолайсыздық тудыратын коттедж аялдамасына электр бағанасы қойылып, жарықтандырылса, деген талабын айтты. Осы аптада коттедж аялдамасына бағана орнатылып, электр желісі тартылады. Тұрғындар Жыныс шағынауданындағы оқушыларды мектепке тасымалдауға әкімдік тарапынан көлік шығарып, мәселені шешіп беруді сұрады. Аудан басшысы Тасты- Қылти, Сызған-Басбұлақ, Қабарұлақ-Балдысу елді мекендері арасында тасымал жүргізілетініне тоқталып, заң бойынша елді мекен ішінде бұл мәселені шешу қарастырылмағанын түсіндірді. Алайда жол ұзақтығын ескеріп, оқушы тасымалы мәселесін уран өндіретін компанияға қарасты «Орталықтандырылған көлік тасымалдау базасы» ЖШС-і арқылы реттеуді тапсырды. Қазіргі таңда тұрғындарды алаңдатқан оқушы тасымалы шешімін тапты.

Қарақұр ауылдық округінің тұрғындары Раң елді мекенінде электр жарығы кернеуінің төмендігін айтқан болатын. Бұл түйткіл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне тапсырылған еді. «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нің Кентау электр желісі мекемесінен мамандар шақырылып, 0,8 шақырым электр желісіне қосымша жөндеу жұмысы жасалған. Сондай-ақ трансформатор қуатын көтеру арқылы электр жарығы қалпына келтірілді.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тиісті бөлім мен мекеме басшыларына көтерілген мәселе бойынша шешу тетіктерін қарастырып, халықтың талап тілегін уақтылы орындауды тапсырды.

# ҮЙ ІРГЕЛІК ЖЕРДЕН 2-3 МЛН ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ПАЙДА ТАБУҒА БОЛАДЫ

Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, А.Қалыбеков ауылдық округінің еңбеккор тұрғындары өздері тұратын үйлерінің іргесіндегі жерге қызылша тұқымын еге бастады. Қысқы ауарайына қарамастан тынбай еңбек ететін диқандар бұл кәсіптен әрбір үй кемі 2-3 миллион теңге пайда табатынын айтады.

Қазір Жаңажол ауылында жұмыс қарқынды. Округ әкімі Молдабек Битеміровтің айтуынша, ауыл тұрғындары қызылшаның «Павло», «Боро», «Водан F1» атты тұқымдарын шетелден алдырып, отбасылық бизнес ретінде өз үйлерінің іргесіндегі шағын алқапқа егіп жатыр. Ауыл ақсақалы Қалмұхамед Жәлелов жоғарыда аталған сұрыптар дәл осы Жаңажол ауылының топырағында өсіп шыққанда ғана ерекше дәмге ие болатынын, сондықтан мұнда қызылшаға жоғары сұраныс бар екенін жеткізді.

Қазіргі таңда диқандар 25 гектарға тұқым егіп үлгерген. Сондай-ақ егілген тұқымды қымтап, қыстың қатты ауа-райынан қорғайды. 2 жарым айдан кейін өнім бере бастайтын көкөністің бұл түрінен гектарына 25-30 тонна өнім алуға болады екен. Одан кейін диқандар екінші өнім ретінде қызанақ, қияр және мал азықтық дақылдарын егеді.

«Қызылша егілетін жер өте құнарлы болуы тиіс. Ол үшін селитра, аммофос, малдың қилары арқылы жер тыңайтылады. Агротехникалық шаралардың басым бөлігі қолдың күшімен істелетіндіктен, қызылша егу үшін қажырлы еңбек керек екені ескерілуі тиіс. Қажырлы еңбектің соңы — үлкен табысқа алып келеді» — деді округ әкімі М.Битеміров.

Айта кетейік, былтыр ерте көктемде өнім алған А.Қалыбеков ауылдық округінің диқандары Алматы, Астана, Қараганды қалаларына және Ресей мемлекетіне қызылша сатып, табыс тапқан. Биыл да бұл бағытта жұмыс жүреді.

# ОТЫРАРЛЫҚ ДИҚАН БОЛГАР БҰРЫШЫН ӨСІРУДІ ҚОЛҒА АЛДЫ

Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қарақоңыр ауылының еңбеккор диқандары көктемгі дала жұмыстарына ерте бастан қам жасап, аязды ақпан айында жылыжай шаруашылығын жандандырды. Өз несібесін жерден тауып жүрген жандардың бірі — жергілікті «РПК Жанұя» ЖШС-нің төрағасы Рамазан Кенжебеков. Ол 3 гектар аумаққа жылы жай кешенінің құрылысын жүргізіп, көкөніс өсіру ісін бастап кеткен. Қазір шаруашылық иесі жылыжайдың 1 гектар аумағына болгар бұрышының көшеттерін отырғызған. Диқан алдағы уақытта 3 гектар жерді толық игеруді жоспарлап отыр.

Жалпы болгар бұрышы күнделікті тұрмысқа өте қажетті өнімдердің бірі. Құрамында дәрумендер өте көп. Бұрыштың 30 граммы осы дәрумениндегі күнделікті қажеттілікті қанағаттандырады екен. Бір ғажабы, болгар бұрышындағы пайдалы қасиеттер оны пісіргеннен кейін де сақталады. Сондықтан бұл көкөніс нарықта үлкен сұранысқа ие.

Отырар ауданы әкімінің орынбасары Ержан Оралбайдың айтуынша, Отырар ауданында егістікті әртараптандыру жұмысы жүріп жатыр.

— Міне, егіншілікті әртараптандырудың арқасында диқандарымыз бұрын-соңды екпеген көкөніс түрлеріне бет бұра бастады. Еңбекқор ағайын отандық нарықты көкөністермен қамтамасыз етуді мақсат етіп отыр.Бұл — дұрыс бастама. Алдағы уақытта да мұндай тың жобаларға аудан әкімдігі тарапынан қолдау көрсетуге дайынбыз, — деді Е.Оралбай.

# БАҒДАРЛАМА АРҚЫЛЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТҚАН КЕЛІНШЕК

Бүгінде мемлекет тарапынан қаржылай қолдау тауып, шаруасын дөңгелетіп отырған кәсіпкерлер қатары артып келеді. Соның бірі — Түркістан облысы, Кентау қаласына қарасты Қарнақ ауылының тұрғыны Шохнасам Маматраймова. Кәсіпкер келіншек «Сыбаға» бағдарламасы аясында мал шаруашылығын дамытуды қолға алған. Ол жетекшілік ететін «Еңбек» шаруа қожалығында бүгінде Ресей мемлекетінен алынған 120 бас «Симменталь» асыл тұқымды сиырлары бар.

«Еңбек» шаруа қожалығы 2021 жылы ашылып, қазіргі таңда еттісүтті бағыттағы өнімдерді өндіріп жатыр. Қожалық 4 қызметкер және 1 техникамен қамтамасыз етілген. Шохнасам Маматраймова келеншекте әр сиырдан күніне 15-20 литр сүт алып, мал басын 300-ге жеткізуді жоспарлап отыр.

Бетті дайындаған: Мақсат ТОҚСАНБАЙ.

# КЕЛЕСТЕ ҮЛКЕН НАУБАЙХАНА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістан облысы Келес ауданында жалпы құны 30 млн теңгені құрайтын наубайхана іске қосылды. Цехта 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Кәсіпкер тұрғындарға қолжетімді бағада нан өнімдерінің онға жуық түрін сатылымға шығарған.

«Халқы тығыз орналасқан Абай ауылы тұрғындарының игілігі жолында қызмет атқарудамыз. Жұмысшылардың дені жергілікті азаматтар. Сұранысқа сай өнімдердің қуаттылығын арттырып, нарықтағы бағадан 10-15% төменгі бағада аудан халқын қамтамасыз етуге ниеттімін», - деді кәсіпорын басшысы Бағдат Лесбайұлы.

Алдағы уақытта аталған кәсіпорын базасында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу көзделуде. Сондай-ақ, нан өнімдерін көрші аудандарға да жеткізіп беру қызметін ұйымдастыру жоспарлануда.

# ҚҰС ФАБРИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСУДА



Мақтаарал ауылдық округіндегі «Мырзашөл құс» ЖШС-на тиесілі құс фабрикасының құрылысы жалғасуда. Фабриканың негізгі мақсаты -тұтынушыларды жұмыртқа және құс етімен қамтамасыз ету. Жобалық құны 850 млн теңгені құрайтын құс фабрикасын іске қосу 4 кезеңге жоспарланған. Құс фабрикасының 1-2 кезеңдері кәсіпкердің жеке қаржысына жүзеге асырылса, қалған кезеңдерді орындау үшін жеңілдетілген пайызбен несие алу қажеттілігі туындауда.

Аудан басшысы кәсіпорынның жұмысымен толық танысып, мемлекет тарапынан қолдау табуы үшін тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

# МЕГАПОЛИСТЕ БИЫЛ 300 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖАҢАРАДЫ



Бүгін Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтеновке жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Е. Жолдасов атқарылған және 2022 жылы жүзеге асырылатын жұмыстар бойынша есеп берді.

Мәлімет бойынша қалада осы жылы 300 шақырым жол жөнделіп, асфальт жол үлесі 67,4 пайызға жетеді.

«2022 жылы 141 нысанға құрылыс, жөндеу жұмыстарын атқаруды жоспарладық. Атап айтқанда 19 нысанда, яғни 51,5 шақырым жолға құрылыс және қайта жаңарту жұмыстары жүргізіледі. 223,8 шақырым болатын 291 көше орташа жөндеуден өтсе, 19,3 шақырым жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі»,-деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар, 150 орынға аялдама орнату және аудан әкімшілігі тарапынан бекітілген көшелерге шағал тас төсеу жоспарлануда.

2021 жылы автомобиль жолдары саласында 137 нысанда (189,7 шқ) жөндеу жұмыстары аяқталған. Нәтижесі бойынша қаладағы асфальт жолдардың үлесі 63,6% жеткен. Асфальт жолдар үлесін 2022 жылы 67,4%, 2023 жылы 71,2%, 2024 жылы 75%, 2025 жылы 79% жеткізу жоспарлануда.

Жол құрылысы өзінің жіті бақылауында болатынын айтқан қала басшысы жолдың сапасын құрылыс барысында кемшіліктерді алдын ала анықтап, жою керектігін ескертті.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын атқару кезінде кемшіліктерге жол берілмеуі керектігін, ондай қателіктер орын алғанда мердігер, техникалық және авторлық қадағалаушы мекемелерге айыппұлдар салынатынын жеткізді.

Сөз соңында әкім сала жетекшісіне автомобиль жолдарының сапасын арттыру бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

# ШЫМКЕНТТЕ 60 СПОРТТЫҚ СЕКЦИЯ АШЫЛАДЫ

Шымкент қаласында бұқаралық спортты дамыту үшін осы жылы 54 спорттық алаңша құрылысы салынады. Оның 25-і Абай ауданында, 9-ы Әл-Фараби ауданында, 10-ны Еңбекші ауданында салынса, тағы 10-ы Қаратау ауданында. Бұл туралы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Б.Тұманбаев қала әкімі алдындағы есепті жиында мәлім етті.

Басқарма басшысының мәліметінше, спортпен шұғылданушылар санын биылғы жылы 31,99 %-дан 35,9 пайызға жеткізу көзделуде. Ол үшін 14 бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізіліп, спорттық инфрақұрылымды дамыту бағытында 6 спорт нысаны пайдалануға беріледі және жан басына шаққандағы қаржыландыруды жетілдіру бойынша осы жылы 60 спорттық секция ашылады. Бүгінде қалада 1899 спорттық секция жұмыс жасайды.

«Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын жалпы халықтың санын 2025 жылға дейін 50%-ға, ал ұлттық спорт түрлерімен айналысатын азаматтардың үлесін 2022 жылы 3,8% жеткізу жоспарлануда. Бұл көрсеткішке жету үшін тиісті жұмыстар атқарылатын болады. Сонымен бірге биыл 14-18 жас аралығындағы 32 647 жасты, спортпен шұғылдануға қарсы көрсетілімі жоқ 1810 мүмкіндігі шектеулі азаматты спортқа тарту көзделуде»,-деді Б.Тұманбаев.

Ал, жалпы Шымкент қаласында биыл 6 спорт нысаны пайдалануға беріледі. Оның ішінде екеуі бюджет есебінен салынуда.

1. «Металлург» стадионын қайта қалыпқа келтіру жұмыстары
2. Сайрам тұрғын алабындағы №12 спорт мектебінің қосымша корпусының құрылысы жыл соңына дейін аяқталады.

Демеушілер есебінен 4 нысанның құрылысы аяқталып, тұрғындар игілігіне беріледі:

3. Үстел теннисіне арналған спорт нысаны - Әл-Фараби ауданы, Қазиев көшесі, н/з
4. Жаңа ипподром құрылысы
5. «TURAN ГХА» спорт нысаны - Еңбекші аудан, 12 шағын аудан, Т.Тәжиев көшесі, 180
6. «SPORT LIFE» футбол орталығы — Орынбаев пен Ғ.Ильяев көшелерінің қиылысы.

# ҚАЛА ӘКІМІ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

**ткен аптада қала әкімі Мұрат Әйтеновтің қатысуымен Шымкент қаласы Кәсіпкерлер палатасы ңірлік кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Кездесу барысында бизнес саласындағы мәселелер мен ұсыныстар талқыланды.**

**Жиында сөз алған қала әкімі Мемлекет басшысының экономиканы әртараптандыру, импортқа тәуелділікті барынша азайту, қоғамдық әл-ауқатты арттыру секілді мәселелерді шешу бойынша берген тапсырмаларын тыңғылықты орындау қажеттігін айтты.**

**- ткен жылы барлық нысаналы индикаторларға қол жеткізіп, қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң динамика байқалды. Бұл жылғы меже одан да жоғары. Ел дамуындағы оң өзгерістер бизнеспен тікелей байланысты болғандықтан саяси реформаларды бірлесе жүзеге асыру керекпіз. Мемлекет кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы орта қалыптастырып, кәсіпкерлер қоғамға, халыққа қызмет етсе, бұл өз кезегінде елдің әл-ауқатын арттыруға, тұрмыс деңгейін көтеруге ықпал ететіндігі сөзсіз. Осыған орай қаламыздың бизнес өкілдерін жаңа жобаларды бірлесе жүзеге асыруға шақырамын. Әкімдік тарапынан барлық қолдау шаралары болады, - деді М.Әйтенов.**

**Қаңтардағы жаппай тәртіпсіздік нәтижесінде 33 кәсіпкерлік субъектісі түрлі деңгейде зардап шегіп, 238,8 млн.теңге шығынға ұшырағанын, 19 бизнес нысанының қызметі қалпына келтіріліп, қалыпты режимде жұмыс істеп жатқанын айтты. Зардап шеккендердің кәсіптері толық қалпына келтірілетінін жеткізді.**

**Шымкентте коронавирустық пандемияға «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда. Бағдарлама шеңберінде бүгінгі күні 64 млрд.теңгеге 77 жобаны қаржыландыру мақұлданған. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасында салалық шектеулердің алынып тасталуына байланысты шағын кәсіп арасында жоғары сұранысқа ие болып, 2021 жылы 50,9 млрд.теңге сомасына 1523 ШОБ-пен шартқа қол қойылған. Бұл ретте инвестициялық штаб жұмысының тиімділігін атап өтуге болады. Ашық алаң бизнес мәселелерін жедел шешуге көмектесіп, инвестиция тартудың құралына айналды.**

**Кездесуде кәсіпкерлер бизнестің дамуына кедергі келтіретін өзекті мәселелерді айтып, атқарушы билік өкілдерімен шешу жолдары ұсынылды.**

# РЕНОВАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕ БЕРЕДІ?

Шымкент қаласы тұрғын үй басқармасының басшысы Ғалымжан Утенбаев тозығы жеткен үйлер орналасқан Еңбекші ауданының әкімімен кездесті. Кездесуде реновациялық бағдарламаны инвесторлар арқылы азаматтық заңнамаға сәйкес жүзеге асыру жайын қозғады.

Реновация бағдарламасы әкімдіктің қаулысымен «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бекітілді. Аталған бағдарлама бойынша тізім жасақталып, тұрғындармен келісу жұмыстары жүргізіледі. Бағарламаға сәйкес, егер меншік иесі келіскен жағдайда мүлкін реквизициялау кезінде оның құны толығымен өтеледі, өткізілетін мүлік үшін өтемақы немесе салынып жатқан нысандардағы ауданы жағынан бірдей пәтер беру арқылы қамтамасыз етіледі.

Айта кету керек, техникалық тексеру нәтижелері бойынша реновация бағдарламасына тозығы жеткен 107 тұрғын үй енгізілген. Оның ішінде Абай ауданында - 56, Әл-Фараби ауданында - 43, Еңбекші ауданында 8 тұрғын үй бар.

Кездесу соңында биылға бірқатар көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жұмыстары талқыланды.

# ТҰТЫНУШЫҒА ДЕЛДАЛСЫЗ ТІКЕЛЕЙ ЖЕТКІЗІЛЕТІН САУДА ОРТАЛЫҒЫ БАР

GraMaD HYPERMARKET

Шымкент қаласында делдал қызметінсіз өндіруші өнімдерін тікелей тұтынушыға ұсынатын «GraMad» сауда орталығының тағы бір нүктесі Қазығұрт шағын ауданында ашылды. Онда 40 адам жұмыспен қамтылып отыр.

«GraMad» сауда желісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тұрақтандыру бағдарламасының қатысушысы болып табылады. Сауда желісіне 800 млн. теңгеге айналымға қарыз қаражат беріліп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары белгіленген бағада сатылуда.

Жаңадан ашылған сауда орталығының жұмысымен қала әкімі М.Әйтенов арнайы барып танысып, сөрелердегі азық-түлік сапасы мен бағаларын бағамдап көрді.

Көтерме-тарату орталығы макарон, жартылай фабрикаттар мен кондитерлік өнімдерді өздері шығарады. Жалпы сауда орталығында 12 мыңнан аса тауар түрі тіркелген.

Тұрақтандыру қорының айналым қаражаты есебінен ағымдағы жылдың соңына дейін «GraMad» сауда желісінің нүктелерін 80-ге дейін жеткізу жоспарлануда.

# БАСПАНАЛЫ БОЛУДЫҢ БАҒЫТТАРЫН ТҮСІНДІРДІ



Шымкент қаласы тұрғын үй басқармасының басшысы Ғалымжан Утенбаев баспана мәселелері бойынша 50-ге жуық азаматты қабылдады. Қабылдауда көпбалалы және толық емес отбасы, мүгедек бала тәрбиелеуші және мүгедек санатындағы азаматтар сондай ақ мемлекеттік және бюджеттік ұйым қызметкерлері санатындағы азаматтар болды.

Тұрғындарды толғандырған баспана кезегі мәселесі жан-жақты талқыланып, қажетті мәліметтер дерегі айтылды. Азаматтар өздерін алаңдатқан сауалдарына тиісті жауап алды. Басқарма басшысы қабылдауда болған әр азаматтың мәселесін жеке тыңдап, назарға алды.Сала мамандарына тиісті тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар басқарма басшысы баспанаға мұқтаж азаматтарға жеңілдетілген ипотекалық несиелер бойынша да қолдау көрсетіліп жатқандығын атап өтті. Тұрғын үй кезегіне тіркелген төлемге қабілетті барлық азаматтар "Нұрлы жер" бағдарламасының "Шаңырақ" бағытына қатыса алады. Ал. "Бақытты отбасы" бағытына тұрғын үй кезегінде тіркелген үш санат, көпбалалы, толық емес және мүгедек бала асыраушы отбасылар қатыса алады. Сонымен қатар міндетті түрде төлем қабілеттілігі болу қажет. Бұл екі бағыт бойынша өтінімдерді қабылдау Отбасы банкінің интернет ресурстары арқылы жүргізіледі. Атаған бағдарламаларға ағымдағы жылы конкурс Отбасы банк арқылы жарияланады.

Бұдан бөлек "7-20-25" бағытына төлемге қабілетті иелігінде жылжымайтын мүлік тіркелмеген барлық азаматтар қатыса алады. Азаматтар бірінші нарықтан тұрғын үйді немесе пәтерді өзі таңдайды. Бұл бағыт бойынша төлем қабілеттілігін растау үшін яғни пәтерді рәсімдеу үшін екінші деңгейдегі 8 банк жұмыс істейді. Атап айтқанда, Банкцентркредит, Еуразиялық банк, Халық банкі, Сбербанк, АТФ банк, Жусан банкі, РБК банкі, Форте банк.

**Бетті жинақтаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

# Ел ТАҒДЫРЫ АЛАҢДАТАДЫ

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиында: «... Тәуелсіздік - ең қасиетті, қастерлі құндылығымыз, ең басты байлығымыз. Халқымыз егемендіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінеді. Кешегі Желтоқсан қаһармандары Тәуелсіздікті біртабан жақындатқаны анық. Асқар тау алыстаған сайын асқақ көрінеді. Біздің бабаларымыз қазақтың дербес мемлекет құрып, еркін өмір сүруге құқылы екенін тарих алдында дәлелдеді. Ұлттың ең ұлы мұраты - Тәуелсіздікке қол жеткіздік.*

Қазақстандағы тыныштық пен тұрақтылық үшін, ең алдымен, ел иесі — қазақ халқы жауапты. Қазақстанның жиырма, отыз жылдан кейінгі болашағы еліміздің әрбір азаматына, яғни әрқайсымызға байланысты» - дегені орындалуы тиіс бәріміздің парызымыз.

Дейтұрғанмен, жаңа жылда басталған қоғамды дүрліктірген, тіптен әлемге танылған оқыс оқиғалар ешкімді бейжай қалдырмас. Осы оқиғадан кейін Парламент мәжілісінде «Қасіретті қаңтар» сабағы — қоғам тұтастығы — тәуелсіздік кепілі» атты сөзінде ел Президенті: «Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып еңсере білдік.

Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Сондықтан еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беру — алдымызда тұрған өте маңызды міндет.

Қайғылы оқиғаның туындауы кейбір мемлекеттік органдардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларды көбіне нәтижесіз, сәтсіз, дәлірек айтқанда орындай алмауында екенін мойындауымыз керек. Жекелеген мемлекеттік атқарушы органдар азаматтардың қажеттілігі мен нақты қиындықтары арасында елеулі айырмашылық пайда болды. Билік құрылымдары өкілдерінің адамдар өмірі, олардың мүдделері мен тілектері туралы пікірлері бұрмаланған түрде қалыптасты. Теңсіздік мәселесі шиелене түсті. Қағаз жүзінде тұрғындар табысының орташа көрсеткіші өскен сияқты болғанымен, жылдан жылға тереңдей түсуде. Орташа еңбекақы деңгейі әжептеуір болғанымен, бірақ қоғамда мүліктік жіктелу өте қатты ұлғаюда. Азаматтардың көптеген аса маңызды мәселелері шешілмеген.  мір сапасы мен есен-амандығын қамтамасыз ету — мемлекеттің басты міндет-мақсаты.

Елімізде құрылған әлеуметтік-экономикалық жүйе ұлттық табыстың жалпы өсуін қамтамасыз етуде айтарлықтай тиімділігін көрсетті, бірақ оны үлестіруде нәтижесіз болуда. Экономикалық өсудің ұтымды иеболушылары негізінен қаржы-олигархтар топтары болып табылады. Қалыптасқан олигополия еркін нарықтың дамуына шындап кедергі жасады және елдің бәсекелестігін төмендетті дей келіп, ел басына қатер төккен қаралы жағдайдың туу мәселесі ешкімді бей-жай қалдырмайды. Сондықтан да сабырлылықпен оқыс оқиға себептерін терең талдап, мұндағы қоғамның наразылығын тудырған мәселелердің түбегейлі шешілуі уақыт талабы» деп ағынан жарылды.

«Әділ сөзге айып жоқ» дегендей көптеген уақыттан бері баспасөз беттерінде жарық көрген материалдарда елімізде әділетсіздік пен жемқорлық кеңінен жайылғанын, саясатта, идеологияда, экономикада монополия үстемдік ететінін, биліктің дәрменсіздігінің арқасында көптеген мемлекеттік бағдарлама толық орындалмауы туралы ашық айтылып келеді.

Халқы он тоғыз миллионға жеткен Қазақстан жер көлемі, ауыл шаруашылығы өнімі, мұнай, көмір, темір, асбест, вольфрам, молибден, аллюминий, алтын басқа да сирек кездесетін металлдардан адам басына шаққанда, дүниежүзінде алғашқы ондықтың ішінде. Еліміз табиғи уранның әлемдік қажеттілігінің үштен бірін қамтамасыз етеді. Ульба металлургиялық зауыты уран, бериллий және танталл шығаратын әлемдегі бірден-бір зауыт. (Айта кету керек, дүниежүзінде бериллий өндіретін екі-ақ зауыт бар — АҚШ және Қазақстанда).

Басқа да байлықтар мен мүмкіншілікті айтпағанда Қазақстанда жан басына жаққандағы ішкі өнім (ЖІ ) 2013 жылы 13890,8 АҚШ долларын құраса, бүгінде ол 9121,7 АҚШ доллары көлемінде. Тәуелсіздігіміздің отыз жылдық қорытындысында көрсетілген баға бойынша елдің жалпы сыртқы қарызы жылдық ЖІ  230%-ын құрады. Қазақстанның сыртқы қарызының құрылымында кредиттер мен қарыздар басым, нерезиденттерден (76,6%) және нерезиденттер қолындағы бағалы қағаздар (13,8%). Экспорттан түсетін түсім он жылдан бұрын (2012 жылы) 86448,8 млн. АҚШ долларын құраса, ағымдағы бұл көрсеткіш көмірсутектер өнімінің офшорлық аймақтар арқылы саудасының бақылаусыздығынан және шикізат секторларын өңдеу саласын жою салдарынан жартылай қысқарып, бар-жоғы 47540,8 млн. АҚШ долларына теңелді.

Капиталдың елден шығарылуының өсуі және оның қайта құйылуының қысқаруы, меншікті экономиканың әлсіздігі, тұтынатын тауарлардың импортқа тәуелділігі, ұлттық валютаның ауытқымалы девальвациясына әкеліп сыртқы сауда айналымының қысқаруына әкелді.

Қазақстан Республикасының банктік мәліметтері бойынша 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында төлем балансының ағымдағы есебі (счеты) дефицит болып және (— 2,4) млд. АҚШ долларына теңелді.

2021 жылдың июль айында бюджеттің орындалу барысында өндіріске, құрылысқа, архитектуралық және градоқұрылыс қызметіне отын-энергетика жинағына (комплексіне) және жерасты байлығын пайдалануға мемлекеттік шығындар қысқартылды.

Сонымен қатар тәуелсіздік алған жылдарда ел қазынасынан фермерлік шаруашылықтарды қолдауға екі триллион теңге бөлінген. Деректерде көрсетілгендей жылдар бойы оның басым бөлігін ұйымдасқан қылмыстық топтар иеленген. Сайып келгенде тұтыну өнімдеріне бағаның шарықтауы, жұмыссыздықтың өсуі, қаржы жүйесінің мүшкіл халі, азып-тозған ауылдар жұмыссыздық жайлаған қалалар, жөндеуді керек еткен жолдар, денсаулық, білім салаларындағы қажетті мамандардың жетіспеушілігі-билік басындағылардың дәрменсіздігін көрсетеді.

Өз сөзінде ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Теңсіздік мәселесі де ушыға түсті, ол жылдан-жылға қиындай берді, ал халық табысы қағаз жүзінде болса да жыл санап өсіп жатқандай көрінді. Алайда, елеулі орташа табыстың артында қоғамдағы мүліктік күшті жіктелу жасырынып жатыр. Азаматтардың көптеген күрделі проблемасы шешілген жоқ. Халықты сапалы өмірмен қамту мен әл-ауқатын — жақсарту мемлекеттің басты міндеті. Бұл сөздерді шынайы іске айналдыру қажет. Халықтың табысы экономикамен қатар өсуі керек. Бұл өзгермейтін аксиома біздің жағдайымызда жұмыс істемей тұр» - дегені қоғамдағы шынайы өмірдің айғағы.

